


Тақырыбы


Әйел жамбас астауының, жыныс мүшелерінің клиникалық
анатомиясы

Орындаған : Мұрат Жансая

Босану жолдарының негізін жамбас қуысы құрайды.



Үлкен және кіші жамбас шекарасы - екі жағынан мықын сүйек сызығымен, алдынан қасаға сүйегінің қырымен, артынан сегізкөздің негізімен өтеді. Екі жамбас аралығындағы кеңістікті *кіші жамбас кіреберісі* дейді. Үлкен жамбастың үсті мен алды ашық, жоғарғы жағы кең. Босануда кіші жамбас қуысының маңызы зор, себебі нәресте осы жамбас қуысы арқылы өткенде көптеген кедергілерге ұшырайды. *Жамбас қуысы* – екі жамбас, сегізкөз, құйымшақ сүйектерінен тұрады.



5-сурет. Әйелдің жамбас сүйегі:

1-мықын сүйегінің қанаты; 2-сегізкөз; 3-жапқыш тесігі; 4-алдыңғы жоғарғы сүйек өсіндісі; 5-алдыңғы төменгі сүйек өсіндісі; 6-жамбастың буын ұясы; 7-шат сүйегінің доғасы; 8-шонданай бұдырмағы; 9-қасаға сүйегі; 10-кіші жамбас қуысының кіреберісі; 11-шекара сызығы.


Үлкен жамбас қуысы

Үлкен жамбас қуысы кіші жамбас қуысымен салыстырғанда кең әрі көлемді. Оның қуысы екі жағынан мықын сүйегінің ойыс беттерімен, артқы жағы V бел омыртқамен шектеліп жатыр. Бұл қуыстың алдыңғы ашық жері құрсақ қуысының алдыңғы бетін шектейтін бұлшықеттер мен тері арқылы жабылып тұр.

Кіші жамбас қуысы

Кіші жамбас қуысы айналасы сүйектермен, үсті – кіреберіс, асты – шығаберіс жазықтықтарымен қоршалған кеңістік. Бұл төрт жазықтықтан тұрады:

- 1: жамбасқа кіреберіс жазықтық
- 2: жамбас қуысының кең бөлігінің жазықтығы
- 3: жамбас қуысының тар бөлігінің жазықтығы
- 4: жамбас қуысының шығаберіс жазықтығы




6-сурет. Кіші жамбас қуысының жазықтықтары:


1-кіреберіс жазықтығы; 2-кең бөлігінің жазықтығы; 3-тар бөлігінің жазықтығы; 4-шығаберіс жазықтығы; а, б - жамбас қуысының өткізгіш бағыты.

1. **Жамбас қуысына кіреберіс жазықтық** алдынан симфиздің жоғарғы және шат сүйегінің жоғарғы ішкі жиіктерімен, бүйірімен мықын сүйегінің доғал сызығымен, артынан – сегізкөз мүйісімен шектеледі. Жамбас қуысының кіреберіс жазықтығында 3 өлшем бар: тік, көлденең және екі қиғаш өлшемдері.

Тік өлшемі – сегізкөз мүйісінен симфиздің ішкі бетінің ең шығыңқы жеріне дейінгі аралық. Бұл нағыз немесе акушерлік конъюгата, 11 см-ге тең (*conjugata vera*). Тағы анатомиялық конъюгата бар, ол акушерлік конъюгатадан 0,3-0,5 см артық.



7-сурет. Кіші жамбас
кіреберіс ~~жамбас кіреберіс~~
өлшемдері: 1 - тік өлшемі;
2 - көлденең өлшемі; 3 -
қиғаш өлшемдері.



Жамбастың бұл бөлігінің **тік өлшемі** – сегізкөздің II-III омыртқаларының қосылған жерінен симфиздің ішкі бетінің ортасына дейін, ол 12,5 см. Көлденең өлшемі – ұршық ойыстарының арасы, 12,5 см-ге тең.


3. Жамбас қуысы тар бөлігінің жазықтығы алдынан симфиздің төменгі жиегімен, бүйірінен – шонданай сүйектерінің қырларымен, ал артынан – сегізкөз – құйымшақ буындасымен шектелген.

Тік өлшемі – сегізкөз буындасынан симфиздің төменгі жиегіне дейінгі аралықта орналасқан 11-11,5 см тең.

Көлденең өлшемі шонданай сүйектері қырының ара қашықтығымен өлшенеді, ол 10,5 см.

4. **Жамбастың шығаберіс жазықтығы** төмендегідей шектелген: алдынан симфиздің төменгі жиегі, бүйірінен шонданай төмпешіктері, артынан құйымшақ ұшы, бұл жерде тік және көлденең өлшемдер бар.

Тік өлшемі – құйымшақ ұшынан, симфиздің төменгі жиегіне дейін. Ол 9,5 см тең. Нәресте кіші жамбас арқылы шыққан кезде артқа қарай 1,5-2 см жылжиды, осының нәтижесінде тік өлшем 11,5 см ұлғаяды. Ал **көлденең өлшемін** шонданай төмпешіктерінің ішкі бетінің аралықтарымен өлшейді – 11 см.



Әйел жыныс
мүшелері
Organa genitale
feminina

Ішкі

1. Анабездер
2. Жатыр түтікшелері
3. Жатыр
4. Қынап

Сыртқы


1. Үлкен және кіші ернеулері
2. Деліткі
3. Қыздық перде


■ **Жатыр** (*uterus*) — адамның ұрық) — адамның ұрық дамитын аналық) — адамның ұрық дамитын аналық жыныс мүшесі) — адамның ұрық дамитын аналық жыныс мүшесі. Адам Жатыры кіші жамбас) — адамның ұрық дамитын аналық жыныс мүшесі. Адам Жатыры кіші жамбас қуысында орналасады. Жатыр денесі алға қарай иіліп, жатыр мойнымен доғал бұрыш жасайды. Оның сырт пішіні алмұрт тәрізді. ұзындығы 8 см, салмағы 40 — 50 г. Жатырдың жоғарғы жағы — Жатыр денесі немесе Жатыр түбі, төменгі жағы Жатыр мойны деп аталады. Жатыр денесі: сыртқы — сір) — адамның ұрық дамитын аналық жыныс мүшесі. Адам Жатыры кіші жамбас қуысында орналасады. Жатыр денесі алға қарай иіліп, жатыр мойнымен доғал бұрыш жасайды. Оның сырт пішіні алмұрт тәрізді. ұзындығы 8 см, салмағы 40 — 50 г. Жатырдың жоғарғы жағы — Жатыр денесі немесе Жатыр түбі, төменгі жағы Жатыр мойны деп аталады. Жатыр денесі: сыртқы — сір, ортаңғы — бұлшық етті) — адамның ұрық дамитын аналық жыныс мүшесі. Адам Жатыры кіші жамбас қуысында орналасады. Жатыр денесі алға қарай иіліп, жатыр мойнымен доғал бұрыш жасайды. Оның сырт пішіні алмұрт тәрізді. ұзындығы 8 см, салмағы 40 — 50 г. Жатырдың жоғарғы жағы — Жатыр денесі немесе Жатыр түбі, төменгі жағы Жатыр мойны деп аталады. Жатыр денесі: сыртқы — сір, ортаңғы — бұлшық етті, ішкі — шырышты қабаттардан, ал Жатыр мойны қынаптан) — адамның ұрық дамитын аналық жыныс мүшесі. Адам Жатыры кіші

Жатыр (uterus) екі негізгі бөліктен тұрады: жоғарғы (денесі) және төменгі (мойны), бір-бірімен мойыншық арқылы бөлінген. Жатырдың жоғарға қараған бөлігі, жатыр түбі деп аталады. Жатыр мойнының қынап үстілік және қынаптық бөлігін ажыратады. Жатырдың алдынан және артынан, бүйірінен жауып тұратын іш пердесі бірігіп жатыр байламын түзеді /Lig. lata uteri/, ол фронтальды жазықтықта орналасқан. Жатырдың бүйір жиектерін іш пердесі жаппайды. Жалпақ жатыр байламының жапырақшаларының арасындағы клетчаткасы қоршап тұрады да, клетчаткаға ауысады. Жалпақ байламның артқы жапырақшасына аналық без бекітілген, ал жатырдың жалпақ байламының ішіндегі борпылдақ клетчаткада тұқымдық, жатырдың жұмыр байламы, аналық бездің меншікті байламы және несеп ағар, веналық өрім, жатыр артериясы жатады.

Жатыр түтігі жатыр денесінен жіңішке тесікпен басталады. Басты бөлігі жіңішкерген /мойыншық/, сосын кең бөлігіне /ампула/ өтеді. Түтік жатырдың жалпақ байламының жоғарғы жиегімен, оның жапырақшаларының арасымен өтеді. Жалпақ байламның жартысы түтік пен аналық бездің арасында түтік шажырқайы деп аталады. Жатыр түтіктерінің ұзындығы орта есеппен 10-12см, және оң жақ түтік, әдетте сол жақ түтіктен ұзындау болып келеді. Түтіктің мынындай бөлімдерін ажыратады: 1) жатыр қабырғасының ішінде орналасқан бөлігі; 2) мойнақ-диаметрі 2-3мм, жатырға жақын, біркелкі тарылған бөлімі; 3) диаметрі үлкейген, мойнақтан кейінгі бөлім, ампулярлы 4) шөлмек жиектері салпыншақтармен жабдықталған шөлмекше тәрізді кеңіген жері. Шөлмектің ұшында тесік бар. Қарама-қарсы тесікпен түтік жатыр қуысына ашылады.


Органы репродуктивной системы женщины





Аналық жыныс безі жұп мүше. Ол сопақ, ұзындығы 2,5см, ені 1,5см, қалыңдығы 1см дене болып келеді. Оның екі ұшын жоғарғы, жатыр түтігіне қараған төменгі жатырмен ерекше байламмен байланысқан ұшын, ажыратады. Аналық жыныс безі екі беті бір-бірімен артқы бос қырымен және алдыңғы шырқайлық қырмен бөлінген. Артқы бос қыры дөңес, ал алдыңғы қыры аналық жыныс безінің қақпасы деп атайды, өйткені бұл жерде артериялар мен нервтер кіреді. Аналық жыныс безі астау қуысының қабырғасына жанасып жатады да, ұзындығы вертикальды орналасады.

Қынап. Қынаптың жоғарғы бөлігі жатырдың мойнын қоршап жатады, ал төменгі бөлігі шат арасындағы кіші ерінмен қоршалған тесікке ашылады. Жатыр мойны мен қынаптың жоғарғы сақинасы арасында сақина тәрізді ойық болады, ол ойық қынап күмбезі деп аталады. Қынап күмбезінің 4 бетін ажыратады: алдыңғы, артқы және екі бүйірлік. Басқаларына қарағанда артқы күмбез терең болады. Қынаптың алдыңғы қабырғасы қуыққа және *septum urethro-vaginale* арқылы несеп шығарғыш өзекпен жанасып /бірігіп/ жатады. Қынаптың артқы қабырғасы тік ішекке жанасып жатады. Үстіңгі жағында 1-2 см жерінде жатырдан тік ішекке өтетін іш пердесімен жабылып жатады. Жамбастың ортаңғы бөлігінде *cavum superitoneale* қынап тік ішектен іш пердесі –шат апоневрозымен бөлініп жатады /*septum recto- vaginale* /. Жамбастың түбінде, қынаптың екі бүйірінде *mm. levatores ani*-дің ішкі жиісі жатады. Осы бұлшық еттен төмен, қынаптың қабырғалары несеп-жыныс көкөтімен бірігіп жатыр.



Үлкен жыныстық еріндер, майлы дәнекер ұлпаға бай терінің екі қатпары болып табылады. Олар жыныстық саңылау деп аталатын кеңістікті шектеп жатады. Үлкен жыныстық еріндерден ішке қарай кіші жыныстық еріндер орналасқан.

Кіші жыныстық еріндердің арасында орналасқан саңылау тәрізді кеңістік қынаптың кіреберісі деп аталады. Қынаптың кіреберісіне несеп шығаратын өзек, қынап және кіреберіс бездерінің жолдары ашылады.

Аналық жыныс мүшелерінің арасына ерлерді үңгірлі денелерге сәйкес келетін құрылымдар бар: кіреберістің екі симметриялық бөлімге бөлінген.

буылтығы және клитор.

Кіреберістің буылтығы, ерлердің кеуекті денесіне сәйкес келеді, бірақ әйелдерде ол несеп шығаратын өзек және қынап арқылы

Клитор - үңгірлі денелеріне сәйкес келеді де, басынан, денесінен және аяқтарынан тұрады. Клитордың денесі алға қарай жіңішкеріп, басымен аяқталады. Кіші жыныстық еріндер айналасында үрпек түзеді. Артқы жағында клиторлық денесі ажырап, екі аяққа бөлінеді де, олар барып қасаға сүйектерінің төменгі тармақтарына бекиді.

ӘЙЕЛ ЖЫНЫС АҒЗАЛАРЫНЫҢ ЖАСҚА БАЙЛАНЫСТЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

- Жыныстық жетілу кезеңі (puberty (лат. «pubes» - қасаға) - дененің белгілі бір аймағының түктенуі жүретін кезең) - адам өміріндегі ең жауапты шақтың бірі. Оның бұл кезеңі балалық шақтан басталып, жасөспірім кезде одан әрі дамиды, ал ересек болғанда жыныстық жетілу аяқталады. Жыныстық жетілу – адамның әйел немесе еркек жынысына жататын биологиялық тұрғыдан ғана емес, әлеуметтік тұрғыдан да жан-жақты байқалатын үрдіс.

- Қыз баланың жыныстық жетілу кезеңі 2 фазаға бөлінеді:
- 8-9 жастан басталып, 13-14 жаста аяқталады;
- 17 -19 жаста аяқталады.
- Бұл фазаларды бөлетін сәт алғашқы етеккір болып есептеледі. Бірінші фаза дененің тез өсіп, екінші реттік жыныстық белгілердің пайда болуымен, екінші дененің баяу өсуімен және ақырғы жыныстық белгілердің дамуы аяқталып, етеккірдің тұрақтануымен сипатталады.

Жасөспірімнің жыныс ағзалары

Жыныстық жетілу кезеңінде ана без ұзындағы 5 см-ге, ені 3 см-ге, қалыңдығы 1,5 см-ге дейін ұлғайып, салмағы шамамен 6,03 гр жетеді. Ана без беті - бір тегіс емес, бүкірленген. Бұл жағдай ана без тінінде сары дененің болуымен және фолликулалардың пісіп жетілуіне байланысты. Ана бездің қыртысты затында екіншілік фолликула түзіледі және олар ағзаны кесіп қарағанда ақшыл заттан тұратын қуыс түрінде болады. Жасөспірім шақта жатыр алмұрт тәрізді формада болады. Бұл форма ересек әйелде де сақталады. Жатырдың жалпы ұзындығы 9 см, ал денесінің ұзындығы 5 см, салмағы 6,5 г шамасында. Жатыр бездері жас ұлғайған сайын көбееді, құрылымы күрделенеді, ал жыныстық толысу кезеңінде бұтақтанады. 7 жастан бастап жатыр маңы мен оның байламдарының арасында көптеген дәнекер және май тіндері түзіледі. Жамбас астауының үлкеюіне, оның ішінде орналасқан ағзалардың төмен түсуіне байланысты, жатыр біртіндеп төмен түсіп, жыныстық пісіп жетілу кезеңінде ересек әйелдің жатырындай қалыпта орналасады. Жатыр түтіктері жатыр мен оның байламдарының өсуіне және кіші жамбас астауының ұлғаюына байланысты иірлігін жоғалтады, нәтижесінде төмен түсіп, ана безге жақын орналасады.